



TrueTracker

АСПА ҚҰРАЛДЫ БҰРУ ЖҮЙЕСІ

Автоматты бағыттау мүмкіндігі тракторды басқарады, оның тракторға жегілген аспа құралды басқарғаны қажет емес.

Аспа құрал сызық бойымен сүйреліп, өз бетінше жылжып отырады, ал оларды, тіпті шағын аспа құралдарды басқару – қалауыңызша дәл нәтиже алуға мүмкіндік береді. Trimble® TrueTracker™ аспа құралды бұру жүйесі аспа құралдар мен жекпе құралдарды Trimble Autopilot™ автоматтандырылған басқару жүйесімен басқарылатын трактордың жасайтын қайталанбалы траекториясында ұстайды. TTMX-2050™ немесе FmX® кірістірілген дисплейінің арнайы GNSS қабылдағышының және оның ТЗ™ жер бедеріне бейімделу жүйесінің көмегімен TrueTracker жүйесі аспа құралдың төбешік жақтардағы, ойлы-қырлы жерлердегі және әртүрлі алқаптардағы орнын дәл есептейді, осылайша көлікті қайталанатын жолдармен жүргізу бүкіл фермаңызда шынымен іске асырылады. Бұл жүйе құрылымында кірістірілген бұруды басқару элементтері бар, сонымен қатар мұндай элементтері жоқ, бірақ Orthman Tracker IV немесе Sunco AsigaTrak сияқты қосымша бұруды басқару құрылғыларымен толықтыруға болатын кез-келген аспа құралмен жұмыс істейді.

TrueTracker аспа құралды бұруды басқару жүйесі мыналарды қамтиды:

- ▶ **Көлік құралы мен аспа құралға арналған бөлек еңісті түзету жабдығы:** көлік пен аспа құралдың дәлірек орналасуын қамтамасыз етеді. Енді ± 2,5 см (± 1 дюйм) RTK дәлдікті сақтау барлық дала жағдайлары мен кез-келген жер бедері үшін шындыққа айналды
- ▶ **Бір кабина дисплей:** жүйені ешбір кедергісіз басқарады. Кабинаны бірнеше дисплейлермен және сыртқы қабылдағыштармен толтырып тастаудың қажеті жоқ

- ▶ **Бөлек калибрлеу және жиекті реттеу мүмкіндіктері:** барлық қолданбаларда жақсырақ басқаруды қамтамасыз ету үшін аспа құралды трактордан бөлек баптауға мүмкіндік береді
- ▶ **Артқа жылжып жұмыс істеу мүмкіндігі:** картоп отырғызғыштар сияқты ірі аспа құралдардың өнімділігі мен маневрлігін едәуір жақсартады
- ▶ **Көп бағыттық бұру схемалары:** түзу, қисық және ортаңғы бұру шарнирлері TrueTracker жүйесімен жұмыс істейді, ол теңдесі жоқ, жолдарды қайталау мүмкіндігін қамтамасыз етеді
- ▶ **Көлік құралы мен аспа құралға арналған жеке-жеке рульді басқару мүмкіндігі:** TrueTracker жүйесі аспа құралды екінші көлік ретінде басқарады, сондықтан трактор да, аспа құрал да алқаптағы өздерінің орындарын бір-бірінен тәуелсіз реттей алады

Трактордағы автоматты бағыттау мүмкіндігі тракторға жегілген аспа құралдарды басқару үшін қолданылады. Автоматты бағыттау мүмкіндігінің барлық артықшылықтарын пайдалану үшін аспа құралға TrueTracker жүйесін қосыңыз және ауылшаруашылықтағы барлығы армандайтын дәлдік деңгейіне қол жеткізіңіз.

Артықшылықтары

- ▶ Аспа құралға да, тракторға да қайталанатын қозғалыс жолында қалуға мүмкіндік береді
- ▶ Дақылдардың зақымдануы мен тығыздалуын азайтады
- ▶ Аспа құралдағы жер бедеріне бейімделу технологиясының көмегімен күрделі учаскелерде жоғары дәлдікті сақтауды қамтамасыз етеді
- ▶ Қатарлап егілетін дақылдар және трактордың бірнеше рет жүріп өтуін қажет ететін егіншілік үшін өте қолайлы





ORTHMAN TRACKER ЖҮЙЕЛЕРІ

Қиын бұрылатын аспа құралдарды белсенді басқару

Orthman Tracker IV жүйесін жегіңіз және TrueTracker жүйесіне кез-келген аспа құралға Trimble дәлдігін қосуға мүмкіндік беріңіз.



SUNCO ACURATRAK

Портативті топсалы құрылғы тракторға тікелей бекітіледі

Бізден Sunco AcuraTrak "TrueTracker Ready" жабдығына тапсырыс беріңіз және барлық тіркемелерді бір портативті құрылғыда басқарыңыз.



БҰРЫЛМАЛЫ АСПАЛЫ ҚҰРАЛДАР

алқапта GPS арқылы басқару

Зауыттық бұру опцияларын қамтитын автоматты бұру аспа құралдарына жұмыс кезіндегі жолдарда жоғары дәлдікпен жүруге мүмкіндік береді.



БҮЙІРЛІК ЫҒЫСУ МҮМКІНДІГІ БАР ЖЕКПЕ ҚҰРАЛ

Камералық немесе механикалық және жылжымалы муфтаны TrueTracker GPS жүйесіне түрлендіріңіз және кез-келген жерде жұмыс істеңіз.

Жергілікті Trimble Ag дистрибьюторымен бүгін хабарласыңыз

© 2008–2017, Trimble Inc. Барлық құқықтар қорғалған. Trimble, Globe & Triangle логотипі және FmX – Trimble Inc. корпорациясының АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген сауда белгілері. Авторілот, Т3, MX-2050 және TrueTracker – Trimble Inc. компаниясының сауда белгілері. Барлық басқа сауда белгілері — сәйкес иелерінің меншігі. PN 022503-1473A-kk-KZ (10/17)

СОЛТУСТІК АМЕРИКА

Trimble Agriculture бөлімшесі
10368 Westmoor Drive
Westminster, CO 80021
АҚШ
Телефон: +1-720-887-6100
Факс: +1-720-887-6101

Trimble Inc.
корпорациялық бас кеңселері
935 Stewart Drive
Sunnyvale, CA 94085
АҚШ
Телефон: +1-408-481-8000
Факс: +1-408-481-7740

ЕУРОПА

Trimble Germany GmbH
Am Prime Parc 11
65479 Raunheim
GERMANY
Телефон: +49-6142-2100-0
Факс: +49-6142-2100-140